

I-блок. Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы

1.1 Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. «Қазақстан тарихы» пәні: курстың пәні, мақсаты, міндеттері. Кезеңдеу, деректер
2. Қазақстан аумағындағы тас ғасырына қатысты археологиялық ескерткіштердің ашылуы
3. Ұлы дала аумағындағы энеолит және қола дәуірі

«Қазақстан тарихы» пәні жоғары оқу орындары студенттері оқитын жалпы білім беретін пәндер (міндетті компонент) циклына кіреді. Пәннің мақсаты – Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті білім беру.

Тарихи үдерісті кезеңдерге бөлу. Тас дәуіріндегі Қазақстан аумағының ландшафттықклиматтық өзгеріске ұшырауы. Қазақстан аумағы – homo sarienstің қалыптасу ошақтарының бірі. Қазақстан аумағындағы тас ғасырына қатысты археологиялық ескерткіштердің ашылуы. Ежелгі адамның шаруашылығы мен тұрмысы. Тарихқа дейінгі кезеңдегі адамның мәдениеті. Ерте палеолиттегі өнер мен діни түсініктердің қалыптасуы.

Ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениетінің қалыптасуының алғышарттары. Ұлы даладағы энеолит және қола дәуірі. Ежелгі темір өңдеу техникасы. Мал шаруашылығы негізінде өндіруші шаруашылықтың қалыптасуы және оның кезеңдері. Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениеті. Қазақстан – жылқыны қолға үйретудің ежелгі ошағы. Еуразия өркениетінің қалыптасуындағы атқа міну мәдениетінің тарихи маңызы. Еуразияда көне жылқы көлігі коммуникациясының дамуы. Дала аймағы – көне дөңгелекті көлікті даму орталықтарының бірі. Қазақстан аумағында кен ісі орталықтарының қалыптасуы. Материалдық мәдениет. Жерлеу тәсілдері мен салт-ғұрыптары. Қоныстар мен тұрғын үйлер. Орталық Қазақстанда қыш жасаудың дамуы. Қоғамдық құрылымы мен рухани мәдениеті. Еуразиялық дала жүйесіндегі Қазақстан аумағы (үндіеуропалық көшіқон). Ежелгі қалалар мәдениеті. Соңғы қола және ерте темір дәуірі тайпаларының этномәдени сабақтастығы.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1 - том. – Алматы: «Атамұра», 2010. - 544 б.
2. Таймагамбетов Ж.К., Байгунаков Д.С. Қазақстанның тас дәуірі (зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 266 с.
3. Толеубаев, А. Т. Раннесакская шиликтинская культура: научное издание / А. Т. Толеубаев. – Алматы: ИП «Садвакасов А. К.», 2018. – 528 с.

4. Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – Алматы: Қазақпарат, 2009. – 576 с.
5. История древнего Казахстана. Под ред. Байпакова К.М. – 2-е изд. – Алматы: Рауан, 1996. – 112 с.
6. Исмагулов О., Исмагулова А. Происхождение казахского народа. По данным физической антропологии. Алматы, 2017. – 196 с.
7. Харари Ю.Н. Sapiens. Краткая история человечества. – М.: Синдбад, 2019. – 512 с. Қосымша әдебиет: 1. Исмагулов О. Этническая антропология Казахстана: (Соматол. исслед.) – Алма-Ата: Наука, 1982. – 231 с. 2. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1966. – 435 с.